

## "Шығыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 53 қаулысы. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 30 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.01.2024 № 30 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 7) тармақшасына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Шығыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 маусымдағы № 133 қаулысының күші жойылсын.

3. Шығыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулыдан туындастын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.А. Нұрбаевқа жүктелсін.

*Шығыс Қазақстан облысының әкімі*

*Д. Ахметов*

*Келісілді*

*Шығыс Қазақстан облысы*

*каржы басқармасының басшысы*

*Д. Рахметқалиев*

**2023 жылғы "17" наурыз**

*Келісілді*

2023 жылғы "17" наурыз

Шығыс  
Қазақстан облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 15 наурыздагы  
№ 53 қаулысымен бекітілген

## "Шығыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

### 1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Шығыс Қазақстан облысы аумағында жер қатынастары, сәулет және қала құрылымы саласында жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыруға Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мәрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқарманың егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Басқарма өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйіркітаратымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 070019, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Карла Либнехт көшесі, 19.

9. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

10. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

11. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2 тарау. Басқарманың міндеттері мен өкілеттіктері**

12. Міндеттері:

- 1) жергілікті деңгейде жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы саласында мемлекет мұдделерін қорғау;
- 2) аудандық, қалалық (облыстық маңызы бар) атқарушы органдардың жер ресурстарын пайдалану және қорғау бөлігінде қызметін үйлестіру;
- 3) облыстың экономикалық дамуы мақсатында жерлерді тиімді пайдалану үшін жағдай жасау болып табылады.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдар мен ұйымдардан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген көлемде өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

басымдықтарды, тұжырымдамаларды, нормативтік материалдарды, нысаналы бағдарламаларды, талдамалық шолулар мен болжамдарды өзірлеуге қатысу үшін қажет болған жағдайларда ғылыми қызметкерлер мен мамандарды тарту;

облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша облыстық коммуналдық мүлік құрамындағы акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестерін иелену мен пайдалану құқығын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес функцияларды жүзеге асыру.

14. Функциялар:

1) облыстың жергілікті атқарушы органдының жер қойнауын пайдалану (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральды құбыржолдар, мұнай және газ өндеу объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өнеркәсіптік-инновациялық жобалары, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес инвестициялық басым жобаларды іске асыру, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер участекелерін беру жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылғанда және қазу үшін, магистральды құбыржолдар салу (реконструкциялау), жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер участекелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

2) жер қатынастарын реттеу, сәулет және қала құрылышы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) облыстың жергілікті атқарушы органдының мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдары мен олардың тәжірибе шаруашылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал зауыттарына жер участекелерін беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау ;

4) жасанды құрылыштар салу үшін аумақтық сулар алып жатқан жер участекелерін беру бойынша облыстың жергілікті атқарушы органдының ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

5) Жер кодексінің 49-2 бабына сәйкес жерді резервте қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

6) өз құзыреті шегінде жер участекелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

7) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер участекелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

8) облыстың жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

9) өз құзыреті шегінде жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

10) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

11) өз құзыреті шегінде жер участекесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

12) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың деректері негізінде облыстың жер балансын жасау;

13) Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 71-бабына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органдының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер участекелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

14) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

15) жер-кадастрық жоспарды бекіту;

16) облыстың жергілікті атқарушы органдының аудандық маңызы бар қалалар маңындағы аймақтардың шекараларын облыстың жергілікті өкілді органдына бекітуге ұсыну жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

17) облыстың жергілікті атқарушы органдының жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды әзірлеу және бекіту бойынша ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

18) облыстың жергілікті атқарушы органдының ауданараптық маңызы бар уақытша пайдаланылатын мал айдау жолдарына жер участекелерін беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

19) облыстың жергілікті атқарушы органдының Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 13-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру мен кеңейтуге байланысты жағдайларда жердің барлық санаттарынан жер участекелерін беру және алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

20) бір ауданың, облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жерді басқа ауданға, облыстық маңызы бар басқа қалаға ұзак мерзімді пайдалануға беру бөлігінде жер қатынастарын реттеу жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

21) облыстың жергілікті атқарушы органдының орман қоры жерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 90-бабында көзделген жағдайларда, жер участекелерін беру және алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

22) облыстың жергілікті атқарушы органдының Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 69-бабына сәйкес қауымдық сервитуттар белгілеу жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

23) жер ресурстарын пайдалану және қорғау бөлігінде аудандық, қалалық (облыстық маңызы бар) атқарушы органдардың қызметін үйлестіру мен

басшылықты жүзеге асыру бойынша ұсыныстар мен шешімдердің жобаларын дайындау;

24) агрономеркесіптік кешенді дамыту саласындағы үәкілетті органға жайылымдарды ұтымды пайдалану туралы, жайылымдардың тозуына және шөлейттенуіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы; жайылымдардың жемшөп сыйымдылығы туралы; жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі туралы ұсыныстар дайындау, жартыжылдық және жылдық есептер беру;

25) облыстың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға беру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды орталық үәкілетті органның келісуіне ұсыну жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

26) облыстың жергілікті өкілдік және атқарушы органдарының облыс орталықтарында, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер участекері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

27) облыстың жергілікті өкілдік және атқарушы органдарының облыстық маңызы бар қалалардың шекарасын (шегін) Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісім бойынша белгілеу және өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

28) облыстың жергілікті өкілдік және атқарушы органдарының аудандық маңызы бар қалалардың шекарасын (шегін) белгілеу және өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

29) жер комиссиясының құрамын қалыптастыру бойынша облыстың жергілікті атқарушы органының ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау, ол туралы ережені өзірлеу және тиісті жергілікті өкілді органға бекітуге жіберу;

30) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін жер участекерін беру және алып қою мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 120 -бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік органдарға келісуге ұсыну бойынша материалдар дайындау;

31) облыстың жергілікті атқарушы органының қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер участекерін беру және алып қою жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

32) облыс шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу бойынша облыстың өкілді және атқарушы органдарының бірлескен

ұсыныстарының жобаларын дайындау, оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу;

33) жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу жөніндегі облыстық өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімдерінің жобаларын дайындау.

34) облыстың елді мекендерінің қала құрылышы жобаларын (өнірлердің (облыстың немесе оның қандай да бір бөлігінің) аумақтарының қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын, бас жоспарларын (даму және құрылыш салу схемаларын), егжей-тегжейлі жоспарлау, құрылыш салу және қала маңы аймақтарының жобаларын) әзірлеу бойынша тапсырыс беруші болады;

35) облыстың елді мекендерінің аудандық жоспарлау, қала маңы аймақтарының жобаларын, бас жоспарларын (даму және құрылыш салу схемалары), егжей-тегжейлі жоспарлау, құрылыш салу жобаларын) қарауды және келісуді жүзеге асырады;

36) аумақтарда қала құрылышын жобалаудың (облысты немесе оның бір бөлігін аудандық жоспарлау жобасының) кешенді схемасын, облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

37) халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу;

38) облыстық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

39) ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірлік аумақтарында қала құрылышын дамытудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалаларды дамытудың бас жоспарларын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

40) облыстық мәслихатқа Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес қарамағындағы әкімшілік-аумақтық бөліністердің шекараларын белгілеу немесе өзгерту жөнінде қала құрылышынан туындастын факторларға байланысты ұсыныстар енгізу;

41) аумақта жоспарланып отырған құрылыш салу не өзге де қала құрылышының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

42) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын, жоспарлау жобаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жоспарларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыш жобаларын) бекіту және іске асыру;

43) облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

44) облыстық маңызы бар ғимараттар мен құрылышжайларды бұзу туралы актілердің есебін жүргізу және тіркеу;

45) облыс аумағында сәулет-құрылыш бақылау мен қадағалау мемлекеттік органдарының жұмысына жәрдемдесу;

46) мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

47) халқының есептік саны бір жұз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізуі ұйымдастыру;

48) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдіктердің, қаладағы аудандар әкімдерінің өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен дамуы үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау жөніндегі жұмысын үйлестіру;

49) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізуі және толтыруды қамтамасыз ету;

50) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органдың келісімі бойынша "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде мекенжайды тіркеу тәртібі мен құрылымы туралы ережені әзірлейді және бекітуге енгізеді;

51) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақ пен тыйым салынған аудан аумақтарының шекараларын келісу жөнінде ұсыныстар дайындау және енгізу;

52) сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс орналастыру қағидаларының негізінде жарнама саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша елді мекендердегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс орналастыру қағидаларын әзірлейді және облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынады;

53) мемлекеттік қала құрылышы кадастры жүйесін құру мақсатында қалалар мен аудан орталықтарының салынған аумағының жерусті және жерасты инженерлік коммуникацияларын түгендеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

54) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру болып табылады.

### **3 тарау. Мемлекеттік органдың бірінші басшысының мэртебесі, өкілеттігі**

15. Басқармаға басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

16. Басқарма бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

17. Басқарма бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындаитын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

18. Басқарма бірінші басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес Басқарма қызметкерлерін қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

2) Басқарма қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

3) Басқарманың актілеріне қол қояды;

4) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, Басқарма қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді, сот, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарда Басқарманың мүдделерін білдіруге сенімхаттар береді;

6) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

7) ерлер мен әйелдердің тәжірибесіне, қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4 тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі**

20. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітілген мүлік Шығыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5 тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.